



# Maghan juldzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 30 (881) 31 шілде 2025 жыл

[www.facebook.com/Maghanzhuldizi](http://www.facebook.com/Maghanzhuldizi)

<https://vk.com/Maghanzhuldizi>

e-mail: [maghan.zhuldizi@yandex.kz](mailto:maghan.zhuldizi@yandex.kz)

## АЙМАҚТАРДЫ ТОЛЫҚ ГАЗДАНДЫРУ ЖҮЙЕЛІ ЖҮРІП ЖАТЫР

Ел Үкіметі газ саласын дамытуға тың серпін беріп, жаңа инвестициялар тартуға ниетті. Президенттің елімізді толық газдандыру туралы тапсырмасына сай, бұл салада жүйелі жұмыстар атқарылып жатыр. Премьер-министр Олжас Бектеновтің айтуынша, негізгі мақсат – еліміздің солтүстік және шығыс өңірлерін көгілдір отымен қамтамасыз етіп, халықтың өмір сүру сапасын арттыру.

Бұл бағытта жүзеге асырылып жатқан басты жобалардың бірі – «Сарыарқа» магистральдық газ құбыры. Қазіргі таңда оның екінші, үшінші және төртінші кезеңдерін салу жоспарланып отыр. Газды тұрақты жеткізуді қамтамасыз ету үшін «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистральдық құбырының екінші желісін тарту көзделген. Жаңа желінің қуаты – жылына 15 миллиард текше метр. Ал алғашқы кезең аясында үш бірдей компрессорлық стансамен жабдықталатын, 1 450 шақырымға созылатын газ құбыры салынып жатыр. Бұл құрылыс 2026 жылы аяқталады деп күтіледі.

Үкімет бұған қоса, шекаралас елдермен келіссөздер жүргізіп, сырттан газ импорттау мәселесін де назарда ұстап отыр. Бұл – әсіресе Солтүстік және Шығыс Қазақстан облыстары үшін маңызды қадам.

Алайда, газ саласын дамыту тек инфрақұрылыммен шектелмейді. Олжас Бектеновтің айтуынша, бұл салаға инвестиция тарту үшін баға саясаты да теңгерімді болуы қажет.

«Біздің ішкі нарықтағы газ бағасы әлемдік нарықтан әлдеқайда арзан, сондықтан біз бірқалыпты, бұрмаланбаған жағдай тұғызу мақсатында бағаны біртіндеп көтерілуін қадағалайтын боламыз. Сонда газ саласы инвестициялық тартымды болып, дамитын болады», деді Үкімет басшысы.

Жалпы, еліміздің газдандыру саясаты – экономикалық тиімділік пен әлеуметтік маңыздылықты қатар ұстанған ауқымды бағдарлама. Алдағы жылдары оның нақты нәтижесін көруіміз бек мүмкін.

## ЕНДІ АУДАН ЖӘНЕ ҚАЛА ӘКІМДЕРІ КРІ ЖҮЙЕСІМЕН БАҚАЛАНАДЫ

**Қазақстанда 2025 жылдан бастап аудан және қала әкімдері үшін халықты жұмыспен қамтуға бағытталған КРІ жүйесі енгізіледі. Премьер-Министрдің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында халықты жұмыспен қамту шараларын күшейту мақсатында бірқатар нақты тапсырмалар берілді.**

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне облыс әкімдіктерімен бірлесіп, өңірлік жұмыспен қамту карталарында белгіленген негізгі көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз ету жүктелді.

Өңір басшыларына тұрақты жұмыс орындарын ашуға ерекше назар аудару отырып, жұмыспен қамту бойынша қабылданған жоспарлардың жүзеге асырылуын тікелей бақылауда ұстау тапсырылды.

Ұлттық экономика министрлігіне, салалық мемлекеттік органдар мен өкімдіктерімен бірлесіп отырып, 2025–2027 жылдары іске асырылатын жобаларға қатысты барлық қажетті деректерді 1 қыркүйекке дейін мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесіне енгізу қажет. Сонымен қатар, келесі жылдың басынан бастап халықты жұмыспен қамту көрсеткіштері бойынша аудан және қала әкімдерінің қызметіне КРІ жүйесі енгізілуі тиіс.

Ал Цифрлық даму министрлігіне жыл соңына дейін мемлекеттік органдар мен жеке сектордың деректерін біріктіретін, жаңа жұмыс орындарын ашуды бақылауға мүмкіндік беретін бірыңғай цифрлық платформа әзірлеу тапсырылды.

ПРЕЗИДЕНТ

## ҚАЗАҚСТАН – ТҮРКИЯ: СЕНІМ МЕН ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫҢ БАЙСАЛДЫ БЕЛЕСІ



### «Екінші Отаныңызға қош келдіңіз»

Мәртебелі мейман Қасым-Жомарт Тоқаевты салтанатты қарсы алу рәсімі Анкарадағы Президент сарайында өтті. Қазақстан Президентінің сапарына орай Құрмет қарауылы сап түзеді. Сарайға келген сәтінде Мемлекет басшысының қортеңін салт атты гвардия бастап жүрді. Қасым-Жомарт Тоқаевты Режеп Тайип Ердоған қарсы алды.

Қазақстан мен Түркияның мемлекеттік әнұрандары шырқалып, зәңбіректен 21 рет оқ атылды. Екі елдің басшылары Құрмет қарауылының алдынан жүріп өтіп, бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Одан соң мемлекеттер басшылары келіссөз жүргізді.

Келіссөз аясында президенттер Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық серіктестікті одан әрі дамыту келешегін жан-жақты талқылады. Сондай-ақ сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайтуға баса мән берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев қонақжайлық танытқаны үшін Түркия Президентіне алғыс айтты.

Режеп Тайип Ердоған екі ел арасындағы қарым-қатынасты жаңа әрі сапалы деңгейге шығаруға дайын екенін растады.

Бұдан соң Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған Қазақстан – Түркия Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің 5-отырысын өткізді.

Жиньбарысында Мемлекет басшысы Түркияның ежелден бауырлас, тамырлас және түбі бір туысқан ел екенін атап өтіп, ортақ тарихи және рухани

құндылықтарға негізделген қазақ-түрік ынтымақтастығы кеңейтілген стратегиялық серіктестік рухында тұрақты дамып келе жатқанына назар аударды.

— Біз осы сара жолды жалғастырып, өзара байланысты бүгінгіден де биік белеске көтеруге мүдделіміз. Құрметті Президент мырза, Әзізбен жаңа ғана шағын құрамда өткізген келіссөздерді жоғары бағалаймын. Біз ықпалдастығымызды кеңейтуге ниетіміз бар екенін тағы да бекемдей түстік. Оған біздің мүмкіндігіміз де, ынта-жігеріміз де жеткілікті. Екі елдің арасында ауқымды шарттық-құқықтық негіз қалыптасты. Атап айтқанда, аллыстан аса екіжақты шарт пен келісім бар. Бүгін де бірқатар екіжақты келісімге қол қойылады, — деді Мемлекет басшысы.

Кеңесте өзара сауда-саттық көлемін ұлғайту мәселесі талқыланды. Былтыр өзара сауда айналымы 5 млрд доллар болған. Бұл көрсеткішті еселуге барлық мүмкіндік бар. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, еліміз Түркия нарығына кемінде 34 түрлі өнім жеткізуге дайын. Оның көлемі 1 млрд долларға жуықтайды. Түркиядан келетін тауар түрлерін де арттыра түсу маңызды.

Тараптар тауар айналымын ұлғайту жолында көлік-логистика саласының маңызы айрықша екенін атап өтті. Бұл ретте Қазақстан Президенті Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамытуға баса мән беріліп отырғанын жеткізіп, заманауи теміржол, құрылықтағы порттар мен жүк терминалдарын салуға және кеме өндірісіне түрік инвестициясын тартуға мүдделі екенімізді мәлімдеді.

*Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркия Республикасына ресми сапары осы елдің негізін қалыптау әрі туңғызы Президенті Мустафа Ресат Ахметовтің келіссөзіне қыран отыруда басталды. Қазақстан Президенті Ахметовтің келіссөзіне жерленген ұлы қайраткердің рухына тазалық етіп, Құрметті қонақкер кітабына қолтаңба қалдырды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Түркияның достығы нығайтылуына сенім білдіріп, бауырлас түрік халқының өсіну-өрлеуіне тілекшілігін жеткізді. Тұл шеген қонақкеріне Қазақстанның ресми делегациясының мүшелері де қатысты.*

Президенттің айтуынша, Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін қолға алынған реформалар шетелдік кәсіпкерлерге мол мүмкіндік береді. Еліміз ашық өрісіндегі серіктестік ретінде түрік инвесторларын қолдауға әрқашан дайын.

Бұған қоса кеңес отырысында екі ел делегациялары энергетика саласындағы ықпалдастық мәселесіне тоқталды. Баку – Тбилиси – Жейхан мұнай құбыры арқылы экспорт көлемін арттыру мәселесін талқылады.

Мемлекет басшысы түрік компанияларының энергия тапшылығын жоюға бағытталған жобаларға қатысуға шақырды. Әсіресе «ҚазмұнайГаз» бен «Turkiye Petroleum» арасындағы ынтымақтастықтың нәтижелі болатынына сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Салық кодексіне шикізатты терең өңдеуге ынталандыратын роялти төртібі, яғни айрықша мүмкіндіктер қарастырылғанын жеткізді. Түрік инвесторларына бірлескен қор құру арқылы тау-кен саласы мен табиғи ресурстарды игеруге қатысты тың жобаларды жүзеге асыру ұсынылады.

Екі елдің ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастығының болашағы зор. Қазақстанда өндірілетін дәнді дақылдың төрттен бірі, мақтаның үштен бір бөлігі, дән желімшесінің (клейковина) 26 пайызы Түркияға экспортталады. Жалпы, елімізде түрік кәсіпкерлерінің қатысуымен ауыл шаруашылығында құны 1,3 млрд доллар болатын 23 инвестициялық жоба қолға алынған. Олардың 18-і іске қосылып, өнімдері халықаралық нарыққа шығарылып келеді.

Жалғасы 2-бетте.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ТАМЫЗ АЙЫНДА ҚАНША КҮН ДЕМАЛАДЫ

30 тамыз күні еліміздің Ата Заңының қабылданғаны 30 жыл толады. Мемлекеттік мерекеге орай 5 күн жұмыс істейтін азаматтарға қосымша 1 күн демалыс беріледі.

Быыл мерекелік дата сенбі күніне түс келіп тұр. Сондықтан мемлекеттік немесе ұлттық мереке демалыс күніне (сенбі, жексенбі) келсе, демалыс күндері бір күнге ұзартылады ережесіне сай 1 қыркүйек демалыс болып отыр. Сондықтан 5 күн жұмыс

істейтіндер қатарынан 3 күн 30,31-тамыз, 0-1-қыркүйек демалады.

6 күндік жұмыс ережесі бойынша қызмет ететіндер үшін де 30-тамыз демалыс күні. Десе де бұл санат үшін 1-қыркүйек жұмыс күні болып есептеледі.



ПРЕЗИДЕНТ

# ҚАЗАҚСТАН – ТҮРКІЯ: СЕНІМ МЕН ҒЫЛМАДЫСТЫҚТЫҢ БАЙСАЛДЫ БЕЛЕСІ

## Жалғасы, басы 1-бетте.

Сонымен қатар тараптар қорғаныс өнеркәсібі, ақпараттық технология, жасанды интеллект, қаржы, азаматтық авиация, мәдениет, білім, денсаулық сақтау және туризм салаларындағы ынтымақтастық перспективасы жөнінде егжей-тегжей пікір алмасты. Соның ішінде екі елдің білім бағытындағы қарым-қатынастарының тамыры тереңде жатыр. Алдағы уақытта Астана мен Алматы қалаларында «Маариф» қорының екі мектебі, сондай-ақ Түркияның үздік оқу орындарының филиалдары ашылмақ.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Түркияның жер сілкінісі болған Газиантеп провинциясында былтыр желтоқсанда жаңа мектеп құрылысы басталды. Білім ошағы келесі жылы пайдалануға беріледі.

Бұдан бөлек, туризм саласындағы оқ үрдісті қолдау, сондай-ақ сан қырлы екіжақты байланыстарды ілгерілету үшін Түркия азаматтарына Қазақстан аумағында 90 күнге дейін визасыз жүруге рұқсат беру туралы шешім қабылданды.

Қазақстан делегациясына ілтипат білдірген Режеп Тайип Ердоған Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Екінші Отаныңызға қош келдіңіз» деп ерекше құрмет көрсетті. Сондай-ақ қазақтың ұлы ақыны, ойшыл, кемеңгер Абай Құнанбайұлының дүниеге келгеніне 180 жыл толуымен құттықтады.

Біз Қазақстанмен арадағы ынтымақтастыққа ерекше мән береміз. Бүгінде екі ел арасындағы байланыстар стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілді. Осы ерлердің сауда-саттық, қорғаныс өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, туризм және мәдениет салаларында одан әрі тереңдетуді мақсат етіп отырмыз. Қазақстан – атамекеніміздегі ең ірі сауда серіктесіміз. Сауда айналымын 15 млрд долларға жеткізу үшін жұмысымызды жалғастырамыз, – деді Түркия Президенті.

Кемес отырысында Қазақстан тарапынан Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин, Көлік министрі Нурлан Сауранбаев, Түркия тарапынан Сыртқы істер министрі Хакан Фидан баяндама жасады.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің бесінші отырысының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы бірлескен декларациясын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің бесінші отырысының шешімін қабылдады.

Мемлекет басшысының Анкараға ресми сапарының аясында үкіметаралық және ведомстволарлық 18 құжатқа қол қойылды.

**БАК өкілдері үшін брифинг өткізді**  
Өзара келіссөздер мен Жоғары деңгейдегі стратегиялық экономикалық кеңестің 5-ші отырысынан кейін Қазақстан мен Түркия президенттері баспасөз мәлімдемесін жасады.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, Түркияға ресми сапармен келуге шақырып, қазақ делегациясына қоңақайлық көрсеткені үшін бауырлас түрік халқына және Президент Режеп Тайип Ердоғанға шынайы ризашылығын білдірді.

– Қос халықтың игілігі үшін түбі бір түрік еліне жасаған ер сапардың мән-маңызы ерекше. Президент Режеп Тайип Ердоғанның басшылығымен Түркия елінің алтын ғасырлық белесін тарихи жетістіктермен қарсы алып жатыр. Еліңіз жаңа дәуірге нық қадам басты. Құрметті Президенттің халықаралық сахнадағы салиқалы саясатының арқасында Түркия әлемдегі беделді ел ықпалды, шынайы құрметке ие мемлекетке айналды. Мұның түп негізінде түрік халқының бірілгі, даналығы және қайсарлығы жатыр. Осындай биік белестерді бағындыру Президент Режеп Тайип Ердоған мырзаның қажырлы еңбегінің жемісі деп күмәнсіз айтуға болады. Қазақ азаматтары Президент Режеп Тайип Ердоғанды және бүкіл Түркия елін шын жүректен құрметтейді. Қазақстан Түркияның толайым табысына әрдайым қуанады. Болашағының жарқын болуын тілейді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент кәзір екі елдің қарым-қатынасы кеңейтілген стратегиялық серіктестікке ұлақанына назар аударып, бүгінгі нәтижегі келіссөздер қос халық арасындағы байланысы жаңа деңгейге көтеретініне сенім білдірді.

– Біз бүгін Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің 5-отырысын өткіздік. Өзара ықпалдастыққа тың серпін беретін басым бағыттарды қарастырдық. Түрлі саладағы байланысты жандандыратын маңызды үкіметаралық құжаттарға қол қойдық. Түркия – сауда-экономика және инвестиция саласындағы басты стратегиялық серіктесімізді бірі. Осы арада өзара тауар айналымын ұлғайту мәселесіне бас назар аудардық. Былтыр екі ел арасындағы сауда-саттық көлемі 5 млрд доллар болды. Алдағы уақытта сауда айналымын айтарлықтай арттырамыз. Бұған әлеуетіміз жетеді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, кәзір елімізде 4 мыңға жуық түрік компаниясы жұмыс істейді. Олармен бірлесіп, құны 6 млрд доллар болатын бірқа-

тар жоба жүзеге асырылған. Бұл жобалар энергетика, құрылыс, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, инфрақұрылым, медицина, туризм секілді маңызды салаларды қамтиды. Қазақстанның Түркияға салған инвестициясының көлемі 2,5 млрд доллардан асты.

– Біз ашық әрі сенімді серіктестік ретінде түрік инвесторларын қолдауға әрқашан дайынбыз. Сондықтан Түркия компанияларын ұзақ мерзімге арналған ірі жобаларға атсалысуға шақырамын. Көлік-логистика саласындағы байланысты күшейтуге мүмкіндік мол. Біз елдеріміздің стратегиялық тұрғыдан ұтымды жерде орналасқанын барынша тиімді пайдалануымыз керек. Қазір Еуропа мен Қытай арасында құрлық жолымен тасымалданатын жүктің шамамен 85 пайызы Қазақстан арқылы өтеді. Осы ретте Транскаспий халықаралық көлік бағдарын, яғни «Орта дәлізді» дамытудың мән-маңызы зор. Бұл – екі елдің мүддесіне сай келетін бастама. Қазақстан теміржолды жаңғырту, автокөлік жолдарын салу, сондай-ақ Каспий теңіздегі кеме қатынасын жандандыру үшін инфрақұрылымды жетілдіру жұмысын қолға алды. Түрік инвесторларын осы жобаларға белсене қатысуға шақырамыз. Үкіметіміз Түркия кәсіпкерлеріне арнайы жеңілдіктер ұсынуға әзір, – деді Президент.

Келіссөз барысында тараптар энергетика саласының маңызына да арнайы тоқталды. – Қазір Баку – Тбилисі – Жейхан құбыры арқылы жылына 1,4 млн тонна қазақ мұнайы Түркияға тасымалданады. Біз оның көлемін арттыру мәселесін талқыладық. «Turkiye Petroleum» компаниясының Қазақстан нарығында жұмыс істеуге ниеті бар. Біз мұны құптауымыз. Энергия көздерін әртарапандыру, жаңа электр стансаларын салу және басқа жобаларды жүзеге асыру үшін түрік компанияларының тәжірибесіне сүйеніп, инвестициялық мүмкіндіктерін пайдалануға мүдделіміз. Ірі жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға дайынбыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент ауыл шаруашылығын тағы бір маңызды сала ретінде атады. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Түркияның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге сәбілі үлес қосып келе жатқанын атап өтіп, астық және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау мәселесі жән-жақты талқыланғанын жеткізді. Қазақстан ауыл шаруашылығын цифрландыру, өнімділікті арттыру және өңдеу өнеркәсібін өркендету ісінде Түркияның жоғары технологиясын пайдалануға қызығушылық танытады.

Мемлекет басшысы Түркияның қорғаныс және әскери-техникалық бағыттағы зор жетістіктеріне назар аударып, Режеп Тайип Ердоғанды жақында IDEF 2025 халықаралық қорғаныс-өнеркәсіп көрмесінің сәтті өтуімен құттықтады.

Бұдан бөлек, келіссөздер барысында IT-технологияларды бірге дамыту мәселесіне айрықша мән берілді. Мемлекет басшысы еліміздің аталған саладағы жетістіктеріне тоқталып, Қазақстан мен Түркияның IT саласындағы стратегиялық серіктестігін нығайтуға зор мүмкіндік бар екенін мәлімдеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, мәдени-гуманитарлық байланыс – қазақ-түрік қатынасының алтын көпірі. Соның ішінде білім және ғылым саласының орны ерекше.

– Қазіргі таңда біздің 12 мыңнан аса студентіміз Түркияда, ал 300 түрік студенті Қазақстанның жоғары оқу орындарында да білім алып жатыр. Осыған қолдау көрсеткені үшін Түркия Президенті мен Үкіметіне ризашылығымды білдіремін. Ұзақ жылдан бері Түркістан төрінде Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті табысты жұмыс істеп келеді. Сондай-ақ Отүстік Қазақстан педагогикалық университетінің жанынан Түркияның озық білім ошақтарының бірі – Гази университетінің филиалы ашылмақ. Бұдан бөлек, «Маариф» қорының екі мектебін ашу жұмысын қолға алдық. Бұл – шын мәнінде, айтулы оқиға. Былтыр қол қойылған келісімге сәйкес, Астана медицина университетінің негізінде Медипол Ыстанбұл жоғары оқу орнының филиалын ашу бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Еліміздің медицина қызметкерлерін Түркияның жетекші клиникаларында оқыту және біліктілігін арттыру туралы уағдаластыққа қол жеткіздік. Біз осы игі бастамаларды жалғастырып, білім, туризм, медицина саласындағы байланысты одан әрі күшейтуге мүдделіміз. Осы тұста сан қырлы байланыстарды тереңдету мақсатында Түркия азаматтарына Қазақстан аумағында 90 күнге дейін визасыз болу рұқсатын беру туралы шешім қабылданды. Сахнаттаушылар мен кәсіпкерлер үшін бұл қадамның мән-маңызы ерекше деп санаймын. Осындай игі бастамалар достығымызды бекемдеп, өзара сенімді арттырып, жаңа жетістіктерге қол ашуды деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар екі ел президенттері әлемдегі өзекті мәселелерге қатысты пікір алмасты. Қазіргі күрделі кезеңде қарулы қақтығыстардың ушығуына алаңдаушылық білдіретіндерін жеткізді. Қазақстан мен Түркия президенттері барлық жанжал мен қақтығыс дипломатиялық келіссөздер арқылы бейбіт жолмен шешілуі қажет деп есептейді. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанның Ресей мен Украина арасындағы жанжалды реттеу ісіндегі айрықша ролін атап өтті.

– Бұл – Сіздің беделіңіз бен ықпалыңыздың айқын дәлелі. Қос елдің Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау қажеттілігі жөніндегі ұстанымы – ортақ. Қазақстан әрбір елдің аумақтық тұтастығы сақталуы керек деген ұстанымды қорғайды. Қазақстан мен Түркия халықаралық аренадағы тиімді ықпалдастығын жалғастыра береді. Қазақстан дипломатиясы Түркі мемлекеттері Ұйымының одан әрі дамуына баса мән бермекші. Осы бағытта Түркия тарапынан бірлесіп жұмыс істей береміз. Жаһандық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін күш-жігерімізді біріктіреміз. Осы тұста Қазақстанның халықаралық бастамаларына көрсетіп жатқан қолдауына, соның ішінде Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі Кеңесті дамытудағы Түркияның үлесіне ерекше ризашылық білдіреміз, – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Түркия Президенті бүгінгі келіссөздердің нәтижесі болғанын атап өтті. – Қазақстан – аймақтағы экономикасы ең ірі ел және біздің негізгі серіктесіміз. Бүгін біз қорғаныс пен энергетикадан бастап, көлік, ғылым мен технологияға дейінгі кең ауқымды салалар бойынша пікір алмастық. Біз тау-кен, сирек кездесетін металдар бағытындағы ынтымақтастық мүмкіндіктерін қарастырдық. Қазақстан мұнайын Түркия арқылы әлемдік нарыққа экспорттау мүмкіндіктерін талқыладық. Тарихи Жібек жолының қазіргі баламасы – Транскаспий көлік бағдарын пайдалану және дамыту жолдарын қарастырдық, – деді Режеп Тайип Ердоған.

Бұдан бөлек, Түркия Президенті туризм саласындағы ынтымақтастық келешегіне тоқталып, түрік азаматтарына Қазақстанда 90 күн визасыз жүруге рұқсат беру туралы шешім қабылдағанын үшін Мемлекет басшысына ризашылығын білдірді.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі келіссөздердің табысты өткені үшін Режеп Тайип Ердоғанға алғыс айтып, Түркия Президентін өзіне ыңғайлы уақытта Қазақстанға сапармен келуге шақырды.

Президент «Devlet Nişanı» орденімен марапатталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Республикасының ең жоғары мемлекеттік наградалық – «Devlet Nişanı» орденімен марапатталды.

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының ең жоғары мемлекеттік наградалық – «Devlet Nişanı» орденін алу зор мәртебеге екенін атап өтіп, Президент Режеп Тайип Ердоғанға өте барша түрік халқына шынайы алғысын жеткізді.

– Мен отандық немесе шетелдік орден және басқа да марапаттарды қабылдаудан бас тарттым. Алайда бүгінгі Сіздің шешіміңіздің мән-маңызы ерекше деуге болады. Бұл – қазақ-түрік ынтымақтастығын ғылым саласындағы маңызы терең тарихи оқиға. Сіз осы шешіміңізбен бабаларымыздың аманатына берік екеніңізді тағы бір мәрте көрсеттіңіз. Бізге асыл мирас болып қалған баға жетпес мұрамыз – достық пен бауырластық байланыстарды бекемдей түстіңіз. Бұл жоғары марапатты түрік елінің барша қазақ халқына көрсеткен ерекше құрметі деп санаймын. Осы игі бастама – тамыры бір, діні мен ділі ортақ халықтарымыз арасындағы мызғамас достықтың айқын белгісі, кәсірлі құндылықтарымызды дәріптейтін маңызды қадам. Сондай-ақ бұл – қазақ-түрік стратегиялық ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға деген өзара ұмылыстың айғағы, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент еріпесті Режеп Тайип Ердоғанды әлемдік деңгейдегі көреген, ықпалды, аса көрнекті саясаткер, өңірлік және жаһандық тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға өлшеусіз үлес қосып отырған тарихи тұлға деп атады.

– Парасатты саясатыңыз бен ел мүддесін ілгерілету жолындағы табанды әрі қажырлы еңбегіңіздің арқасында осындай айқыры бйіңге шықтыңыз. Түркияның бүкіл дүниежүзіндегі беделі ешкімнің күменің тұндырмайды. Сіздің басшылығыңызбен Түркияның қол жеткізген табыстары өлемнің әрбір түкірінде мойындалатын болды. Түркияның өлем мойындаған жетістіктері, қарқынды дамуы, халықаралық қауымдастықтағы биік беделі мен зор ықпалы Сіздің атыңызбен тікелей байланысты. Бүгінде еліңіз экономикалық дамуы бойынша өлемнің жетекші 20 мемлекетінің қатарында. Сарапшылардың болжамы бойынша Түркияның болашағы – жарқын, ал

дүниежүзіндегі ықпалы арта бермек. Сіздің кешбашылығыңызбен туғыры биік Түркия елінің жаңа алтын дәуірінде биік белестерді бағындыра беретініне кәміл сенемін. Біз Түркияның Қазақстанның Тәуелсіздігін таныған алғашқы мемлекет болғанын еш уақытта ұмытпаймыз. Бұл егемен Қазақ елінің жылнамасында сақталатын өшпес тарихи дерек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанның қазақ-түрік қарым-қатынастарын нығайтуға қосқан сәбілі үлесіне жоғары баға берді.

– Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастық қарқынды түрде дамуда. Сауда-экономикалық саладағы жетістіктеріміз мол. Қазір Қазақстанда 4 мыңға жуық түрік компаниясы табысты жұмыс істеп жатыр. Мәдени-гуманитарлық байланыстарымыз жылдан-жылға нығая түсуде. Қазіргі таңда 12 мыңнан астам қазақстандық студент Түркияда білім алады. Былтыр еліңізге 800 мыңға жуық Қазақстан азаматы сапарлап келді, ал биыл бұл көрсеткіш 1 миллионнан асуы мүмкін. Халықаралық сахнадағы ықпалдастығымыз бөленсін. Біздің елдеріміздің жаһандық тұрақты даму және қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ұстанымдары – ортақ. Әсіресе, Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы тиімді іс-қимылдарымызды атап өткім келеді. Сонымен бірге екіжақты ынтымақтастықты еселеп, оны жаңа сапалы деңгейге көтеруге толық мүмкіндік бар. Бүгінгі келіссөз қорытындылары – соның айқын дәлелі, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі таңда Қазақстан елінің мойындалған мәртебесін нығайту үшін теңгерімді саясат жүргізіп, ауқымды әлеуметтік-экономикалық мақсат-міндеттерді жүзеге асырып жатқанын мәлімдеді.

– Оның нәтижесі де жақсы деуге болады, экономикалық өсім – тұрақты. 2024 жылдың қорытындысы бойынша ішкі жалпы өнім 5,1 пайызға өссе, биылғы жартыжылдықта экономикамыз 6,2 пайызға ұлғайды. Биыл ішкі жалпы өнімді 300 млрд долларға жеткізуді кездеп отырмыз. Бұл – Орта Азиядағы ең үлкен көрсеткіш. Алға қойған мақсат-міндеттерге жету үшін Қазақстан келісі 4 бағытқа басымдық беруде. Олар: цифрландыру және жасанды интеллектті дамыту; көлік және транзиттік әлеуетті нығайту; ауыл шаруашылығы саласын жаңғырту; энергетика және өнеркәсіп саласында ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске қосу. Осы міндеттерді табысты жүзеге асыру ісінде Түркиямен ықпалдастыққа ерекше мән береміз, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Қазақстандағы ішкі ахуал тұрақты. Елімізде заң мен тәртіп тұжырымдамасына негізделген саясат бөленсін түрде жүргізілуде.

– Саяси реформаларды табысты жүзеге асырудымыз. Біздің мемлекетіміз «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасын ұстануда. Қазір елімізде «Таза Қазақстан» жалпұлттық акциясы қарқынды іске асырылып жатыр. Бұл науқанның мән-маңызы терең. Тазалық дегеніміз, бұл – әрбір азаматтың болмысын өзгерту, санасын жаңғырту деген сөз. Еліміз – жасыл, халқымыз – адал, ниеті – таза болуы керек деп халқымызға түсіндіріп айтып жатырмыз. Ішкі саясатымыздың түпкі мақсаты – Әділетті Қазақстанды құру. «Халық үніне құлақ асатын» мемлекетті қалыптастыру. Қазақстанның сыртқы саясаты – сарабдал, көпбағытты және теңгерімді. Көрші елдермен қарым-қатынасымызды достық, өзара түсіністік рухында дамытып жатырмыз. Дипломатиямызда Түркияның орны өте маңызды, ерекше деп айтуға болады. Біз Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалауды қолдаймыз, осы мәселе бойынша Түркиямен мақсат-мүдделеріміз ортақ деп санаймыз. Осы тұста мен Түркияның Ресей мен Украина арасындағы жанжалды реттеу ісіндегі дәнекерлік ролін ерекше атап өткім келеді. Біз, құрметті Президент мырза, Сіздің арқанызда болып жатқан үрдісті жоғары бағалаймыз және игі қадамдарыңызды қолдаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Режеп Тайип Ердоған екі ел арасындағы сан қырлы ынтымақтастықты жаңа деңгейге шығаруға Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өлшеусіз үлес қосқанын атап өтті.

– Қымбатты бауырым Қасым-Жомарт Тоқаевтың сындарлы басшылығымен Қазақстан өз аймағындағы бейбітшілік пен тұрақтылықты мекеніне айналды. Қазақстанның жетістіктерін біз әрқашан мақтан тұтамыз. Сондай-ақ Қазақстанның Түркі мемлекеттері Ұйымын институттандыруға қосқан үлесін жоғары бағалаймын. Түркия мен түрік халқының досы екеніңізді бірнеше мәрте көрсеттіңіз. Осы арада мен Сізге Түркия Республикасының ең жоғары марапатын табыстауды үлкен мәртебеге деп санаймын. Біздің мемлекеттік орденімізді елдеріміз арасындағы мызғамас достықтың символы ретінде қабылдайсыз деп сенемін, – деді Түркия Президенті.

Салтанатты жиынға 80-ге жуық дипломатиялық корпус өкілдері, Түркияның қоғам қайраткерлері, танымал тұлғалары мен бизнес қоғамдастығы өкілдері қатысты.

**Egemen Qazaqstan.**

# БАЛАЛАРЫ БАР ОТБАСЫЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

Төртінші бала отбасында дүниеге келгенде, отбасы көп балалы мәртебесіне ие болады. Осы сәттен бастап ол 63 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) немесе 2025 жылғы қаңтардан бастап 247 716 теңгені құрайтын бала тууға арналған жоғары біржолғы жәрдемақыға үміткер бола алады. Оның мөлшері жыл сайын айлық есептік көрсеткіштің өсуімен өзгереді.

Бір жарым жасқа дейінгі төртінші және одан да көп балаға күтім жасау бойынша ай сайынғы жәрдемақы 8,90 АЕК немесе 34 995 теңгені құрайды. Бірақ мемлекеттің көмегі мұнымен шектелмейді.

Көп балалы отбасыларға көпбаландырылған жәрдемақы төленеді, ол табысқа да, отбасы мәртебесіне де байланысты емес, тек балалар санына байланысты.

Көп балалы отбасына жәрдемақы тағайындау кезінде отбасы құрамында, егер олар басқа ата-ананың отбасында ескерілмесе, туған, асырап алынған, сондай-ақ қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алынған балалар, өгей балалар ескеріледі. Бұл ретте ата-аналары ата-ана құқықтарынан айырылған немесе шектелген балалар отбасы құрамында есепке алынбайды.

Көп балалы отбасына берілетін жәрдемақы толық мемлекеттік қамтамасыз етудегі балаларға тағайындалмайды.

Өтініш берушінің балалардың бірге тұруы өтініш бірге тұратын балалардың көп балалы отбасына жәрдемақы тағайындау жолымен дербес расталады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 16 бабына сәйкес он төрт жасқа толмаған балалардың тұрғылықты жері олардың заңды өкілдерінің тұрғылықты жері болып танылады.

Ерлі-зайыптылар арасында неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған жағдайда балалардың ата-аналарының бірімен бірге тұруы сот шешімімен расталады.

Төртінші бала отбасында дүниеге келгенде, бір жарым жасқа дейін туу және оған



күтім жасау жәрдемақыларынан басқа, үлкен бала көмекетке толғанға дейін отбасына көп балалы отбасы ретінде ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы тағайындалады. Бұл 2025 жылы 16,03 АЕК немесе 63030 теңге. Көмекетке толмаған бес балаға ай сайын бюджеттен 20,04 АЕК немесе 78 798 теңге бөлінеді. Алты балаға берілетін жәрдемақы 24,05 АЕК немесе 94 565 теңгені, жетеуіне - 28,06 АЕК немесе 110 332 теңгені, сегіз және одан да көп балаға әрбір келесі балаға 4 АЕК немесе 14 768 теңгені құрайды.

Бұл төлемдердің барлығы жыл сайын есептік көрсеткішпен бірге көтеріледі және үлкен балалар 18 жасқа толғанда азаяды. Көп балалы отбасына жәрдемақы тағайындау кезінде жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары

және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша, бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін білім алатын 18 жастан асқан балалар да ескеріледі.

Көп балалы отбасына берілетін жәрдемақы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленетін айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің өзгеруі ескеріле отырып төленеді.

ҚР Әлеуметтік кодексінің 74 бабына сәйкес - балалары бар отбасыларға жәрдемақы алушы міндетті:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балалары бар отбасыларға жәрдемақылар тағайындау үшін толық және анық мәліметтер беруге;

2) балалары бар отбасыларға жәрдемақылар алу кезеңінде Мемлекеттік корпорацияға осындай өзгерістер туындаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде тууға берілетін жәрдемақының, күтім жөніндегі жәрдемақының, көп балалы отбасыларға берілетін жәрдемақының, наградталған анаға берілетін жәрдемақының, күтім бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін өзгертуге негіз бола алатын мән-жайлар туралы хабарлауға.

Алушы тууға байланысты жәрдемақының, күтім бойынша жәрдемақының, көп балалы отбасыларға берілетін жәрдемақының, наградталған ананың жәрдемақысының, күтім бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшеріне әсер ететін мән-жайлар туралы уақтылы хабарламаған жағдайда, олардың мөлшері көрсетілген мән-жайлар басталған сәттен бастап, бірақ олар тағайындалған сәттен ерте емес қайта қаралады.

3) Балалары бар отбасыларға әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақылардың артық есептелген (төленген) сомаларын ерікті тәртіппен, ал бас тартылған жағдайда – заңды күшіне енген сот шешімі негізінде сот тәртібімен қайтаруды жүргізуге.

«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған аналар да жеке жәрдемақы алуға құқылы. «Күміс алқа» алқаларымен марапатталғандарға жәрдемақы 2025 жылы ай сайын 6,40 АЕК немесе 25 165 теңге мөлшерінде төленеді. «Алтын алқа» алқаларымен марапатталғандарға берілетін жәрдемақы – 7,40 айлық есептік көрсеткіш немесе 29097 теңгені құрайды. Мұндай төлемдер алты немесе одан да көп баланы дүниеге әкелген әйелдерге төленеді.

**А. КЕМЕНГЕРОВА,**  
Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті Солтастық Қазақстан облысы бойынша департаментінің зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бас маманы.

## ТЖБ ХАБАРЛАЙДЫ!

# ШӨП - ӨРТҮШІН ЕҢ ОҢАЙ ОЛЖА!

Шөп - өрт үшін ең оңай олжа. Осы өрт қауіпті кезеңде кішкене ұшқың қысқа мерзімде ірі жемішті жәуапқа қабілетті өртке әкелуі мүмкін, ал одан әрі бақылаусыз таралаң кезде элемент орман алқаптарына жаяды, елді мекендерге жақын келіп, тұрғын үй мен шаруашылық құрылыстарына қауіп төндіреді.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі аудан тұрғындарына, шаруашылық басшылары мен мамандарына өрт, көбінесе, тракторлардың, комбайндардың және автомобильдердің қозғалтқыштарының пайдаланылған газ шығатын құбырларынан ұшып шығатын ұшқыңнан туындайтын еске салады. Бірақ шөп шабу кезінде көптеген адамдар өрт қауіпсіздігі ережелерін есте сақтай ма? Ойткені, олар сақталмаған кезде бүкіл еңбектің бекер болып, жанып кетуіне өкеледі.

Статистикаға сәйкес, жазғы уақытта өрттер, көбінесе, жеке үй иелерінің кінісінен болады, олар отты абайсыз қолданады, шөп сақтау кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзады. Ол, көбінесе, тұрғын үйлердің, моншалардың және басқа да ғимараттардың жанында сақталады. Көбінесе, өрттің себебі - балалардың отпен ойнауы болып табылады, ата-аналар оған жауапты болады. Шпенді



жанбайтын материалдан жасалған өртке қарсы қалқалармен қоршалған жапсарлас құрылыстарда сақтауға рұқсат етіледі. Тұрғын үйлердің, гараждардың, аулалық құрылыстардың, үй-жайдың аумағында жиналған шөптің өрт қауіпсіздігі үшін олардың иелері жауапты болады. Шөпті сақтау кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін олар өкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Шөпті жинау кезінде өрттің алдын алу үшін өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау қажет. Шөп жинау басталғанға дейін оған тартылған адамдар өртке қарсы нұсқаулықтан өтуі тиіс, жинау агрегаттары алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жарактандырылуы

тиіс. Сондай-ақ шөп дайындау кезінде іске қосылған ауыл шаруашылығы техникасы жарамды ұшқың сөндіргіштермен жабдықталуы, қоректендірудің, от алдырудың, майлаудың реттелген жүйелері болуы тиіс.

Белгіленген тәртіппен тіркеуден өтпеген қолдан жасалған техниканы пайдалануға тыйым салынады, далалық жағдайларда дөңкерлеу жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді.

Шөп шабу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жауапкершілігі тікелей шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшыларына және шөп шабумен айналысатын жеке тұлғаларға жүктеледі.

# ҚЫСҚА ТҰҢЫҚТАЛУДАН ҚАУІП КӨП



Электр жабдықтарды орнату және пайдалану ережелерін бұзудан байланысты өрттердің негізгі себебі – қысқа тұйықталу.

Бұл электр сымдары мен кабельдердегі оқшаулаудың бұзылуынан, оқшаулаудың тозуынан және механикалық зақымданудан туындайды.

Қысқа тұйықталу қаупі - жүздеген мың амперге ток күшінің артуы болып табылады, бұл өте қысқа уақыт ішінде өткізгіштерде көп мөлшерде жылу шығарады, бұл өз кезегінде температураның күрт жоғарылауына және оқшаулаудың тұтануына өкеледі. Қысқа тұйықталудың жағымсыз салдарын болдырмау үшін бірнеше қарапайым ережелерді есте сақтау қажет:

- Сымдарды бұрау түрінде қосуға қатаң тыйым салынады, өйткені мұндай қосылыстың өткізгіштерінің

байланыс тығыздығы тез әлсірейді және олардың өзара әрекеттесу аймағы азаяды, осыған байланысты электр доғасы мен ұшқың пайда болуы мүмкін, нәтижесінде қысқа тұйықталу пайда болады.

- Жасырын электр сымдардың жүргізу кезінде, аспалы төбелердің артында, пайдаланылатын материалдың жану дәрежесіне байланысты, жануды таратпайтын кабельді пайдалану немесе қысқа тұйықталудың пайда болуы нәтижесінде күйіп кетпейтін белгілі бір қабырға қалыңдығы бар болат құбырларға салу қажет.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

## МАМАН КЕҢЕСІ

Картоптың қатерлі ісігі - бұл картоптың қауіпті, жоғары патогенді ауруы, оны хитридиомицеттер бөліміне жататын *Synchytrium endobioticum* қарапайым саңырауқұлақ тудырады. Көбінесе, өркен мен түйнектері зардап шегеді, бірақ сабақтар мен жапырақтарға да әсер етуі мүмкін.



# КАРТОПТЫҢ ҚАТЕРЛІ ІСІГІ

Қатерлі ісік қоздырғышының инфекциясына картоп қана емес, сонымен қатар ол мәдени және жабайы болып табылатын түнгі тұқымдастардың басқа өсімдіктеріне де әсер етеді. Ауру, көбінесе, жұқтырған тұқыммен таралады, бірақ оны жұқтырған картоп түйнектерімен қоректенетін ірі қара малдың көңімен немесе жұқтырған алқаптарда қолданылатын құралдармен енгізуге болады.

Картопқа қатерлі ісік жұқса түйнектер мен өркендерде кішкентай өсімділер пайда болады, олар уақыт өте келе үлкен қоңыр ісіктерге айналады. Бұл топырақта 12 жылға дейін сақталуы мүмкін қатерлі ісік қоздырғышы - киста саңырауқұлақтарының тыныш спораларының пайда болуының белгісі.

Картоптың қатерлі ісігі ауруы - сезімтал сорттардың картоп дақылын толығымен жоя алады. Алынған жұқтырған түйнектер нашар сақталады (шіріп кетеді), түйнектер қатты зақымданған кезде оларды тамақ пен мал азығына қолдануға болмайды, өйткені саңырауқұлақтар токсиндер шығарады және түйнектер улы болады.

### Таралуы

Картоп қатерлі ісігі карантиндік нысандар тізімінде. Оның дамуы үшін ең қолайлы жағдайлар - топырақтың жоғары ылғалдылығы (60%-дан), оның температурасы +15/+18 °C және қышқылдығы 3,9-дан 8,5 рН-ға дейін болады.

### Өсімдіктердің зақымдану белгілері

Өсімдіктердің қатерлі ісікке шалдығуының ең маңызды белгісі - өсімділер. Бастапқыда олар жеңіл, уақыт өте келе қоңыр және қара болады. Ісіктердің беті кішкентай төмпешіктерден тұрады және брокколи гүлшоғырына ұқсас. Картоп түйнектерінде бұл өсімділер, көбінесе, көз аймағында пайда болады және олар ыдырай бастағанға дейін біртіндеп есіп, шырышты, иісті массаға айналады. Сондықтан қатерлі ісікке шалдыққан картопты ұзақ уақыт сақтауға болмайды. Картоп өркендері қатерлі ісікке шалдыққан кезде, түйнектердің орнына өсімділер тізбегі өседі.

### Қорғау шаралары

Картоп қатерлі ісігінің таралуын болдырмау үшін келесі қорғаныс шараларын қолдану қажет:

- \* картоп отырғызған кезде тұқымды тексеру;
- \* картоп пен басқа дақылдарды (тамыр дақылдары, баданалар, жеміс және жидек ағаштары мен бұталарының көшеттері) қатерлі ісік таралатын жерлерден шығаруға тыйым салу;
- \* ісікке төзімді сорттарды отырғызу;
- \* ауыспалы егіс ережелерін сақтау;
- \* отырғызу алдында тұқым түйнектерін уландырғыштармен өңдеу.

Ғалым ӘДІКЕНОВ,  
ҚР АШМ АӨК МИК «Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» РММ аудандық филиалының зерттеушісі.

## «ЖЫЛЫЛЫҚ СӘТТЕРІ - КАДРДА ДА, ЖҮРЕКТЕ ДЕ»



25 шілде күні «Бәсеңді ұзақ өмір» жобасы аясында «Аманат» партиясы аудандық филиалының ғимаратында аға бұрын өкілдері үшін сурет салу үйірмесі ұйымдастырылды.

Қатысушылар акварельмен жұмыс жасап көруге үлкен қызығушылық танытып, шығармашылықтың қуанышын бірге бөлісті.

Атмосфера шынымен де жылы өрі шынайы болды: күлкі, әңгіме, және әрине, бояулар – тек қағазда ғана емес, көңіл-күйде де.

Үйірме жүргізушісі – Назарбаев Зияткерлік мектебінің бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі,

суретші-иллюстратор Молдахметова Әлия Досымбекқызы болды.

Ол сабақты өте қызықты өрі қатысушыға қолдау көрсетіп өткізді. Үйірмеге қатысқан әрбір зейнеткер әрбір қылқалам сермеген сайын өзіне деген сенімділікті сезінді.

Қатысқан және ұйымдастыруға атсалысқан барша жандарға алғысымызды білдіреміз.



ФУТБОЛ



## ПОЛИЦЕЙЛЕР ФУТБОЛ АЛАҒЫНДА СЫҢҒА ТҮСТІ

Өткен аптада Тұласев қаласының «Жастар» стадионында полиция қызметкерлері арасында шағын футболдан достастық турнир болып өтті.

Аяқдошылардың басын қосқан жарыстың мақсаты - Мағжан Жұмабаев ауданында құқық қорғау органдары қызметкерлері арасында бұқаралық спортты дамыту және корпоративтік рухты нығайту болып табылады.

Жарысқа Мағжан Жұмабаев, Мамлют және Жамбыл аудандарынан келген командалар қатысты.

Тартысқа толы ойындардың қорытындысы бойынша Мағжан Жұмабаев ауданының командаласы турнир жеңімпазы атанды, ал Мамлют пен Жамбыл аудандарының футболшылары 2-ші және 3-ші орындарды иеленді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы кубокпен, медалдармен және дипломдармен марапатталды.

## ТЕМІРДЕ ТІЛ ЖОҚ ДЕМЕҢІЗ

Егер артқы жағында «НД» деген белгісі бар темір бұйым көрсекіз, бұл заттың Мағжан Жұмабаев ауданындағы Писаревқа ауылында тұратын ұста Дмитрий Нападовтың қолынан шыққанын біле жүріңіз. Әдемі иіліп, шебер соғылған дүниелерді Қазақстанда ғана емес, Америка, Германия, Үндістан, Шри-Ланкадан кездестіріп қалуыңыз ғажап емес.

Жаппай өндіріс қарқын алса да шын шебердің қолынан шыққан қолөнер бұйымдарына деген сұраныс азайған жоқ. Кәсіпорындардағы қалыпқа құйылып, бірден бірнеше жүз данасы сатылымға шығатын бұйымдарға қарағанда ұстаның көрікке қыздырып жасаған дүниесі бірнеше есе қымбат тұрады. Қайталанбас қолөнер бұйымдарын жасайтын ағаш, темір ұсталардың қол қусырып отыратын көзі сирек. Темір ұстасы Дмитрий Нападовтың да көп уақыты ұстаханада өтеді.

Кәсіпкер өмір бойы ұсталық өнерді жанына серік етіп келеді. 16 жасында ұстаханаға жұмыс істеуге барған кейіпкеріміз содан бері көрік басып, темір соғып келеді.

Металды көркем соғу деген ұғым бар. Менің қолымнан шығатын заттардың көшірмесі жоқ, әрқайсысы өзінше ерекше. Болаттан түрлі кәдесыйлар, мүсіншелер мен қобдишалар жасаймын. Ойға алған дүниемді тұтас метал бөлшегінен жасауға тырысамын. Егер ол мүмкін болмаса келі бөлшектерін дәнекерлеуге тура келеді. Көркем соғуға көз-келген темір жарай бермейді, - дейді ұста.

Ұста қолына металды алғанда қандай мүсін жасаймын деп көп ойланбайды. Соғылмақ бұйымның жобасы оның көз алдына келе қалады. Онысын қағазға сызып жоспарлау, басқадан көшіру деген жоқ. 16 жасынан бері темірдің сырын біліп алғаны соңшалық, бірден іске кірісе кетеді. Кәсіпкер бұл іске шығармашылық есебінде қарайды. Шебердің өнімдері жай ғана тауар емес өнер туындысы саналатындықтан бағасы да дүкендегіден қымбат. Мың жарым теңгелік ұсақ-түйек кәдесыйлардан бастап, ондаған мың тұратын мүсіншелерге дейін бар. Соның өзінде шын өнерді бағалайтын сатып алушылары мұныңызды тым арзанға сатып жатырсыз» дейтін көрнеді.

Шебер әр бұйымға жансыз зат емес, ерекше қасиетке ие дүние ретінде қарайды. Ұстаның әр бұйымға қатысты ырмытымы бар. Айтуынша оның қолынан шыққан дүниелер адамға сәттілік әкеледі екен. Мысалы, темір кілтсалғыштан кілт алып, есігін жауып жолға аттанған адам үйіне аман-сау оралады. Ал ұсақ мүсіншелерді қолына алып, ұстаған адамның өмірінде сәтсіздіктер азаяды-мыс. Оның айтуынша көрікке қыздырылып, нағыз ұстаның қолымен соғылып, әбден шыныққан металдың бөлек қасиеті болады.

Әр детальдің өзіндік мағынасы бар. Мысалы өрмекші тұрақтылық пен тыныштықтың белгісі. Сондықтан да бағалы заттар сақталатын қобдишалық үстіне өрмекші мүсінін қойдым. Бұйымның әр бөлшегінің өз айтары, атқарар қызметі бар, - дейді ұста.

Дмитрий Нападов мұндай бағытта темірді көркем соғумен айналысатын санаулы ғана ұсталардың бірі. Зейнет жасына шықса да темір қыздыратын көріктің отын сөндірмей жүрген жан бұл өнері өзімен бірге кетпесе екен деп алаңдайды. Сол үшін жастардың біреуін шәкірт етіп, бар көрген-білгенін үйреткісі келеді.

Әр ақынның жазылмаған өлеңі, суретшінің салынбаған суреті болатыны сияқты Дмитрий Нападовтың да өлі соғылмаған бұйымы бар. Оның қандай боларын өзі де білмейді. Үйінде үлкен текше сынды зілдей сом темірдің жатқанына көп болды. Айтуынша, кесек металдың жасы бір ғасырдан әрі асуы мүмкін. Ұста көзі келгенде осы кесектен шығармашылығының қорытындысы, өзінің соңғы сөзі сияқты ерекше бір бұйым жасағысы келеді.

Диас АРҒАН,  
«Soltıstık Qazaqstan»

САУЫЛ МЕРЕЙТОЙЫ

# Қоскөл - жүректегі мекен

Ауылда туып, ауылда өскен әр азаматтың жүрегінде ауылына деген ыстық сезім ерекше орын алады. Өсіп ер жетіп, бәріміз ауылдағы ұямыздан жан-жаққа ұштық. Алайда ауылды сағынып, бір көргің келіп тұрады. Ауасы да «бальзам» екі көлі, жасыл шөбі мен ағаштары...

Біздің Қоскөл ауылы 1895 жылы «переселенческий пункт» болып картаға түсірілген екен. Осы жерге орыстарды әкелмекші болған. Бірақ қазған құдықтардың суы ащы болғасын, қосалқы фондқа қойып, Сүлеймен атамсызды старшина қылып тағайындаған екен. Ол жөнінде Тортай Садуақасұлының «Ел мен жер» атты кітабында былай көрсетілген: 1905 жылы Сүлеймен Некейұлы Құсқулы ауылының старшинасы деп. Ол кісі сонда осы жерге ешкім мекендемеуін, Заңның сақталуын бақылаған. Бірақ осы Қоскөл көлін айнала төрт қыстау болған: Жарғақ, Қорам, Белгібай, Шыңғыс. Шағын ауылдарда 10-14 үйден болған. Жазда байлар малдарын Майбалық көліне айдап, сол жақта баққан. Қоскөл көлінің жағасы күздік болған. Ал В. Кузнецовтың кітабында 1901-1908 жылдары осы мекендерде қазақтар егін егумен айналысқан делінген. Осы кітапта ауылдарда қанша десянтин егістік жері, жер жыртатын соқасы, шөл шабатын, жинайтын саймандары, арбасына дейін көрсетілген. Бірінші орында, өрине, мал мүліктері көрсетілген.

Осы 1895 жылдан есептесек, биыл 2025 жылы ауылымызға 130 жыл толып отыр. Осы күнді бір жақсылап қарсы алайық деп бастама жасап едім, ауылдастар бәрі қолдай түсті. Барлығын ауылды, ауылдастарды сағынған сезім биледі. Осылай қаржы жинап, соғыс ардагерлеріне, қуғын-сүргінге ұшыраған бабаларымызға арналған ескерткіш тас орнаттық. Арнайы қаражатпен көмектескендер: Жарғақов Темірғали, Жәнібеков Қайрат, Ибраев Балтабай.

1929 жылы колхоздандыру басталып, осы жердегі төрт қыстау көл жағасына көшіріліп, бір жерге бір ауыл болып бірікті. Өрине, ауыл аты Қоскөл болды. 1930 жылы тағы Кенжарық, Сүгрәлі, Бейсен, Шандақ ауылдары Ұзынкөл, Таман, Бастомар жақтарынан көшіріліп әкелінді. Олар мекендеген жерлерде үкімет үлкен совхоз-гигант құрмақшы болған екен. Ол Қарақоғадан Тайыншаға дейін 200 мың гектар жерді алған. Сол үшін шағын ауылдардан босатқан. Үш жыл зуреленіп, іс дамымағасын, бұл жоспар жабылады да, Возвышенка, Совет, Булаев совхоздары ашылады.

Сөйтіп, Сталин атындағы колхоз осы маңда ең ірі болады. Мектебінде оқушы саны да ең көп болған. 1935 жылдары соңында Бейсен, Шандақ ауылдарынан келген Қарауыл ұрпақтары бөлініп, еншісін алып, жеке Көкшешапқан ауылын құрады. Бертін 1936 жылы Комсомолец колхозын құрады.

Сталин колхозын сол жылдары Айтбаев Дүйсенбай басқарды. Қостанай қаласында арнайы үш айлық курсында оқып, білім алып келген. Атамсыз ұстаздық жолын қуып, сырттай педучилищеде оқып, мамандық алып, Еңбекші қазақ мектеп-интернатына ауысады. Колхоз басқарғандардың ішінде Айдарханов Жұмажан болған. Ол - Стаханов ауылының тумасы. «Халық жауы» деген жалған кінә қойылып, сотталып

кетеді. Соғыс басталып, ақталып шыққан Жұмажан майданға аттанып, сол жақта қаза табады. Балпыш ағамыздың нақ әкесі Жұм-Жұманың ағасы.

Қоскөл - тарихы терең, тамыры кеңге жайылған, дәстүрі мен бірлігі жарасқан елді мекен.

Қоскөл - туған жердің ыстығы мен жылуын бойға сіңірген талай ардақты да асыл азаматтарды түлеткен киелі мекен.

Осы ауылда өскен азаматтар: Абабаев Адамсүфи - тұңғыш ұстаз. Атайдың жолын жалғастырғандар: Бекембаев Тұраш, Меңдібаев Мұрат, Абабаев Айтмұханбет...

Соғыс ардагері - Жұмабаев Садуақас талай жыл ішкі істер саласында қызмет атқарды. Баласы - Серік Алматы қаласында цифровизация саласында алғашқылардың қатарында еңбек еткен. Үлкен қызы - Құсни-Жанат судья болса, Қорлан облыстық юстициясы басқарған.

Шыңғысов Сайлаубек ағамыз кеудесіне екі Ленин және Октябрь Революциясы ордендерін таққан.

Осы ауылдың әр ақсақалы, әр азаматы аянбай еңбек етіп, туған жерінің дамуына зор үлес қосты.

Осы ретте, қуғын-сүргінге ұшыраған Сейітмұхан Сүлейменұлы, Садуақас Жарғақұлы, Ұелихан Сүгрәліұлы, Орынбасар Әлиұлы, Нұрпейіс Салыұлы, Елубай Сүлейменұлы, Аязбай Жарғақұлы, Айдархан Сүгрәліұлы, Аужан Алшынулы, Әлнұррашид Мұстафаұлы, Сыздық

Нұрпейісұлы сынды аталарымызды атап өткен жөн.

Соғыс жылдары колхозды басқарған Тұрқанов Оразбай еді. Бертін Айсин Қаббас, Меңдібаев Біләл - колхоз басқармасы болған.

Осы жылдары ерлер соғысқа аттанып, әйелдер мен бала-шаға жер жыртып, егін еккен. Шөл шауып, отын жинаған.

Майдан даласында қалған боздақтарды да еске алуды жөн көрдім, олар Байбұсинов Ырзай, Бектеміров Рамазан, Құсайынов Қасен, Маймеров Байсау, Мақашев Ахметбек, Мұқанов Ахметжан, Мұқанов Айтжан, Теміров Жайлаубай, Теміров Кәрім, Тілеубергенов Өзбек, Тілеубергенов Қырғызбай, Уақбаев Нағмет.

Ал Балпанов Жантемір, Өзбекіров Абдрахман, Меңдібаев Біләл, Жапабаев Ғабдулаухаб, Шыңғысов Сейітбатпал, Байбұсинов Қабдолла, Изтаев Қабиуқар, Жүнісов Қарман, Сәрсенбаев Ғабдулманап, Әлиева Мәрияш, Айтбаева Шәрипа, Меңдібаева Қазине, Бекембаева Қайни, Жәкенова Меруерт, Байбұсинов Жұмабек, Меңдібаева Гүлсім еңбек ескерінде болған.

Аруақтарға Құран оқылатын болғасын зират ішін тазарттық. Бұл шараны Меңдібаев Мейраш қолға алды. Ауыл жігіттері бәрі қол үшін берісті. Кәбіршілерге арналған үйді қоршап әдемілеп қойды. Құрылыс қоқыстарынан тазартылып,

шөбін шауып, тәртіпке келтірді. Ауыл азаматтарының бірліктігі, елге деген ыстық сезімдері сенбегені анық көрініп тұр...

Осылайша, шілде айының 27-ші жұлдызында жерлестер ауыл зиратына жиналып, өуелі ата-бабаларға Құран бағыштады.

Кейін «Насыр» мейрамханасында ас берілді. Тойды Нұрлыбек Баймұқанов жүргізіп, кездесуде тамаша әндер айтылды. Битобы да өз еңерлерін көрсетті. Ауылдастар да отыра алмай, Мәриям Бақтыбаева, Ақбейне Меңдібаева, Аяғз Оралова өз өнерлерін ортаға салды. Мейрамхана иесі Ақлима Берікқызына ризашылығымызды білдіреміз. Сондай-ақ осы іс-шараның өтуіне белсенді еңбек еткен Зауреш Бақтыбаева, Гүлнәр Абабаева, Манат Байбұсинов, Алтынай Абабаева сынды жандарға айтар алғысымыз шексіз.

Сонымен қатар, осы тойға демеуші болған Алтынбекпен Әлібек Сапаровтарға шын көңілден рахметімізді айтып, ризашылығымызды жеткіземіз.

Қорытындылай келе, осындай бір жақсы отырыстың куәсі болдық. Бас қосқан ауылдастар бір жасарып, марқайып қалды. Көп жыл көріспеген жерлестер осындай кездесулер тағы болсын деген ниеттерін де айтып жатты.

Мереке ТУРАШҰЛЫ,  
өлкетанушы, әуесқой тарихшы.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

**ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚҰҚЫҒЫ**

**АДАМ ҚҰҚЫҒЫ - БАСТЫ НАЗАРДА**



Қазақстан Республикасы азаматтарының әлеуметтік құқықтарының бірі болып табылатын денсаулықты сақтау құқығы көптеген елдердің конституцияларында, соның ішінде Қазақстан Республикасы Конституциясында да бекітілген. Бұл құқық әрбір адамның медициналық көмекке қол жеткізу құқығын, сондай-ақ денсаулықты сақтау мен нығайтуға ықпал ететін жағдайларды жасау міндетін білдіреді.

Денсаулық сақтау құқығы бірқатар халықаралық актілерде, соның ішінде аса маңыздылары – Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Жарғысында (Конституциясында) бекітілген.

Қазақстанда денсаулықты сақтау құқығы Конституцияның 29-бабында кепілдікке алынады. Азаматтардың денсаулықты сақтау құқығын

қамтамасыз ететін басты нормативтік құқықтық акт – “Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы” Кодексе болып табылады.

Конституциялық норманы іске асыру шеңберінде бұл Кодексте мемлекет Қазақстан Республикасы азаматтарына медициналық көмекке тең қолжетімділік, медициналық көмектің сапасы, дәрілік заттардың қолжетімділігі, сапасы, тиімділігі және қауіпсіздігі, аурулардың алдын алу, салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтануды қалыптастыру жөніндегі шараларды жүргізу, жеке өмірге қол сұғылмаушылық, дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтердің сақталуы, репродуктивтік таңдау еркіндігі, репродуктивтік денсаулықты сақтау және репродуктивтік құқықтардың сақталуы, санитариялық-эпидемиологиялық, экологиялық амаңдық және радиациялық қауіпсіздік сияқты кепілдіктер беретіні айқындалған.

Қазақстанда денсаулықты сақтау сондай-ақ аурулардың алдын алуға, емдеуге және оңалтуға бағытталған мемлекеттік, қоғамдық және медициналық шаралар кешенін қамтиды.

Денсаулықты сақтау құқығын іске асыру шеңберінде мемлекет денсаулық сақтау жүйесін – медициналық мекемелерді, кадрларды және технологияларды – дамытуға, барлық азаматтар үшін, соның ішінде әлеуметтік осал топтар үшін медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қабылдайды.

Денсаулықты сақтау – халықтың өмір сүру сапасын арттыру мен өмір сүру ұзақтығын ұлғайтуға бағытталған мемлекет пен қоғамның маңызды міндеті болып табылады.

**Жанат ЖҰМАБАЕВ,**  
адам құқықтары жөніндегі уәкілдің  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Бойынша өкілі.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

**«АЛҒАШҚЫ ЖҰМЫС ОРНЫ» - ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН МҮМКІНДІК**



жоқ жастар.

**Бағдарлама шарттары:**

- Қатысу мерзімі — 18 айға дейін;
- Жастар тұрақты немесе уақытша жұмысқа орналастырылады;
- Жалақы мөлшері – 30 АЕК.

**Артықшылықтары:**

- Мамандық бойынша алғашқы жұмыс тәжірибесін алу;
- Еңбек шартымен жұмыс істеу;
- Жұмыс берушіде әрі қарай жұмысқа қалу мүмкіндігі;
- Мансап орталығы пен Еңбек электронды еңбек биржасының қолдауы.

**Қалай өтініш беруге болады?**

- [www.enbek.kz](http://www.enbek.kz) порталында жұмыссыз ретінде тіркеліңіз;
- Өз тұрғылықты жеріңіздегі Мансап орталығы жүгініңіз;
- «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламасы бойынша лайықты бос орындар таңдаңыз.

**Мансабыңызды бастағың келе ме?**

Мағжан Жұмабаев ауданының мансап орталығына хабарласыңыз:

- Булаево қаласы, Мир көшесі, 8А;
- 8 (715-31) 2-81-54.

**МАНСАП ОРТАЛЫҒЫ**  
КАРЬЕРЛІК ЦЕНТР

### АЛҒАШҚЫ ЖҰМЫС ОРНЫ

**Ұзақтығы:**  
18 айдан аспайды

**Жалақы:** 30 АЕК  
(117 960 теңге)

**Талаптар:**

- жұмыссыз ретінде тіркелу;
- жасы 35 жастан аспайды;
- жұмыс тәжірибесі жоқ;
- зейнетақы аударымдары жоқ.

БУЛАЕВ Қ. МИР Қ-СІ, 8А

8 (71531)2-81-54, 8(775)337-81-00

«Алғашқы жұмыс орны» — бұл 35 жасқа дейінгі жастарға арналған бағдарлама, мақсаты - кәсіби білім мен дағдыларды алғашқы жұмыс орнында меңгеруге мүмкіндік беру.

Бағдарламаның мақсаты: еңбек өтілі жоқ жастарға алғашқы ресми жұмысын тауып, еңбек нарығына бейімделуге және кәсіби дағдыларын дамытуға көмек көрсету.

**Кімдер қатыса алады?**

- 18 бен 35 жас аралығындағы жастар;
- Жұмыссыз ретінде тіркелген тұлғалар;
- Өз мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі

ЖЕМҚОРЛЫҚ ІНДЕТ - ЖОЮ МІНДЕТ

**БӨЛІМ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕЗІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢНАМАНЫ САҚТАЙДЫ**



байлас жемқорлық қылмыстардың әртүрлі түрлері үшін жауапкершілік көзделеді.

Әлеуметтік қорғау саласындағы сыбайлас жемқорлыққа тап болған азаматтар еgov.kz электрондық үкімет порталының онлайн-сервисі немесе 1424 тегін нөмірі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің бірыңғай Call-орталығы арқылы жүгіне алады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдар мемлекеттің қорғауында болады, ал олар туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады. 2 АЕК-тен асатын көз келген сома (2025 жылы - 7864 теңге) себеп-салдарлық байланыс болған жағдайда пара болып есептелетінін атап өту маңызды.

«Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ «Мемлекеттік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудан тұрғындарына 17 мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында барлығы 226 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы - 45 қызмет немесе жалпы санының 19,9%, электрондық тәртіпте көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйелері арқылы - 97 қызмет немесе 42,9%, электрондық үкімет порталы арқылы - 84 қызмет немесе 37,2%.

Көрсетілген 226 мемлекеттік қызмет бойынша барлығы 19 негізделген бас тарту, оның ішінде «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау» қызметі бойынша - 1 бас тарту; «Еңбекші көшіп келушілерге рұқсат беру және ұзарту» қызметі бойынша - 18 бас тарту, оның ішінде кіші түрлері бойынша: еңбекші көшіп келушілерге рұқсат беру - 17 бас тарту, еңбекші көшіп келушілерге рұқсатты ұзарту - 1 бас тарту.

Бөлімде портал арқылы мемлекеттік қызметтерді алу үшін өзіне-өзі қызмет

көрсететін ұйымдастыру техникасымен жабдықталған аймақ бар. 2025 жылдың 2 тоқсанында өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы арқылы аудан азаматтарына 84 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыспен қамту бөлімі ұсынатын мемлекеттік қызметтер туралы мақалалар жарияланады. 2025 жылдың 19 маусымында «Вести» аудандық газетінде «Мемлекеттік қызмет көрсетудің жаңа ережелері» мақаласы басылып шықты, онда «Әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі көмелетке толған адамның шотына түскен мүлікке білік ету, зейнетақыларды, жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді алу және шешім бойынша танылған азаматтардың мүлкін иеліктен шығаруға рұқсат беру» жаңа мемлекеттік қызметі туралы түсініктеме берілген, оның ішінде:

- Әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі көмелетке толған адамның шотына түскен мүлікке білік ету, зейнетақыларды, жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді алу бойынша рұқсат беру;
- Сот шешімі бойынша әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың мүлкін иеліктен шығаруға рұқсат беру.

Биылғы жылдың 27 маусымында бөлімнің Facebook парақшасында мүгедектігі бар адамдарға ыңғайлы болу және көрсетілетін қызметтер мен оңалтудың техникалық құралдарының сапасын арттыру үшін құрылған әлеуметтік қызметтер порталы, сондай-ақ оңалтудың техникалық құралдары мен әлеуметтік қызметтерді өз бетінше сатып алу мүмкіндіктері туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде орналастырылды. Тұрақты негізде мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету бойынша қолданыстағы заңнама нормалары бойынша мамандармен құқықтық жалпыға бірдей оқыту сабақтары өткізіледі.

Бөлімнің ресми веб-сайтында қолда-

ныстағы ережелерге, мемлекеттік қызмет көрсету сапасына шағымдану тәртібіне, көрсетілетін қызметті алушылардың қызмет алу құқығына сілтеме жасай отырып, бөлім ұсынатын мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мемлекеттік қызмет көрсету ережелері мен стандарттары жарияланған. Бөлімде - виртуалды қабылдау бөлмесі бар, бұл азаматтардың бөлім басшылығына және бас мамандарға жүгіну мүмкіндігін қамтамасыз ететін қосымша құрал.

Орналастырылған QR кодтары бар мемлекеттік қызмет стандарттары бар стендер, өтініштердің үлгілері, мемлекеттік қызмет көрсету сапасына шағымдану тәртібі, көрсетілетін қызметті алушылардың және шағымды тіркеуге жауапты тұлға көрсетілген шағымдар кітабы бар. Фойеде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша брошюралар орналастырылған. Қызмет алушылар үшін үстелдер, орындар, күтуге арналған жұмсақ орындар орнатылған.

Азаматтардан ұсыныс жасігі бар, аудандық «Вести» және «Мағжанжұлдыз» газеттерінде тоқсан сайын «Сенім» телефоны бар, бөлім басшысының және оның орынбасарының азаматтарды қабылдау кестелері жарияланады.

Мемлекеттік қызметтер Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданыстағы нормаларына сәйкес белгіленген мерзімде көрсетіледі.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік қызмет көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында көрсетілетін қызметті алушылар үшін барлық қажетті шараларды жүргізеді.

**Бақытжан ЫСҚАКОВА,**  
Мағжан Жұмабаев ауданы  
әкімдігінің жұмыспен қамту және  
әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің  
басшысы.



Дүйсенбі, 4 тамыз	Сейсенбі, 5 тамыз	Сәрсенбі, 6 тамыз	Бейсенбі, 7 тамыз	Жума, 8 тамыз	Сенбі, 9 тамыз	Жексенбі, 10 тамыз
<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>
06.00 ӘНУРАН. 06.05 ПЕЖУ-МАРЖАН. 06.45 04.45 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 07.00 «TANSHOLPAN». 08.00 Т/Х «БІЗБЕН БІРГЕ». 08.50 АУЫЛДАСТАР. 09.25 Т/Х «ДАРХАН БАТЫР». 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 04.05 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50, 03.35 БАУ-БАҚША. 13.15 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 14.30 Т/Х «ШАБДАЛЫ 18». 15.30 ЗАМАҢДАСТАР. 16.45 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 17.00, 20.00, 01.15 АҚПАРАТ. 17.20, 02.55 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 ЖАЙДАРМАН. 23.10 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.05 ДАРА. 01.50 САНА. 04.55 ЕҢ ДӘМДІ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 20.00, 01.15 АҚПАРАТ. 06.35, 13.15 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 06.50, 16.50, 04.45 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 07.00 «TANSHOLPAN». 08.00 Т/Х «БІЗБЕН БІРГЕ». 08.50 АУЫЛДАСТАР. 09.25 Т/Х «ДАРХАН БАТЫР». 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 04.05 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50, 03.35 БАУ-БАҚША. 14.30 Т/Х «ШАБДАЛЫ 18». 15.30 Д/Ф. 16.20, 04.45 АРТУҚ САЛМАҚ 16.50 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 17.20, 02.55 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 ЖАЙДАРМАН. 23.10 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.05 ДАРА. 01.50 САНА. 05.05 ЕҢБЕК АДАМЫ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 20.00, 01.15 АҚПАРАТ. 06.35, 13.15 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 «TANSHOLPAN». 08.00 Т/Х «БІЗБЕН БІРГЕ». 09.30 АУЫЛДАСТАР. 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 04.05 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50, 03.35 БАУ-БАҚША. 14.30 Т/Х «ШАБДАЛЫ 18». 15.30 Д/Ф. 16.20, 04.45 АРТУҚ САЛМАҚ 16.50 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 17.20, 02.55 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 ЖАЙДАРМАН. 23.10 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.05 ДАРА. 01.50 САНА. 05.05 ЕҢБЕК АДАМЫ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 20.00, 01.15 АҚПАРАТ. 06.35, 13.15 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 «TANSHOLPAN». 08.00 Т/Х «БІЗБЕН БІРГЕ». 09.30 АУЫЛДАСТАР. 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 04.05 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50, 03.35 БАУ-БАҚША. 14.30 Т/Х «ШАБДАЛЫ 18». 15.30 Д/Ф. 16.20, 04.45 АРТУҚ САЛМАҚ 16.50 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 17.20, 02.55 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 ЖАЙДАРМАН. 23.10 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.05 ДАРА. 01.50 САНА. 05.05 ТЕЛЕДӨРГЕР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 20.00, 01.15 АҚПАРАТ. 06.35, 13.15, 16.15 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 «TANSHOLPAN». 08.00 Т/Х «БІЗБЕН БІРГЕ». 09.30, 05.25 АУЫЛДАСТАР. 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 04.35 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50, 04.15 БАУ-БАҚША. 14.30 Т/Х «АБАЙ». 16.50, 05.15 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 17.20, 03.35 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 ЖАЙДАРМАН. 23.10 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.05 ДАРА. 01.50 САНА. 02.50 Д/Ф.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 02.00 АҚПАРАТ. 06.35 АУЫЛДАСТАР. 07.00 «TANSHOLPAN». 08.00 М/Ф «ЭЛИНИН МЕН АЛАҚОРЖЫНДАР». 08.35 М/Ф. 09.05, 05.05 «ТАЛАПТЫҢ МІНШІ ТҮЛПАРЫН». 09.30 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00 КОНЦЕРТ. 13.10, 04.00 ЕҢБЕК АДАМЫ. 13.40, 04.25 ЕҢ ДӘМДІ. 14.30 Т/Х «АБАЙ». 16.50, 02.20 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 17.20 ӘЙЕЛ ӘЛЕМИ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00 ЖҮЛДИЗДЫ ЖҮП. 20.20 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 ЗАМАҢДАСТАР. 23.30 «БІРЖАН САЛ», Х/Ф. 02.30 Д/Ф. 03.15 «ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТКЕН КЕМЕ АПАТТАРЫ», Х/Ф. 04.05 Д/Ф. 05.20 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 АҚПАРАТ. 06.25, 03.05 ҰЛЫ АБАЙҒА 180 ЖЫЛ «КҮМІС КОМЕЙ». 07.05 ҰЛЫ АБАЙҒА 180 ЖЫЛ «АБАЙ МЕКТЕБІ». 07.55 ҰЛЫ АБАЙҒА 180 ЖЫЛ «АДАМЗАТТЫҢ БӨРІН СҮЙ». 08.55 ЕҢБЕК АДАМЫ. 09.20, 04.50 ТЕЛЕДӨРГЕР. 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 03.45 «БАУ-БАҚША». 12.30 КОНЦЕРТ. 14.00, 02.15 ҰЛЫ АБАЙҒА 180 ЖЫЛ. 14.30 ҰЛЫ АБАЙҒА 180 ЖЫЛ «АДАМ АРТ». 17.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00, 02.50 АҚОРДА. 20.20 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 КОНЦЕРТ. 00.15 «КҮНАНБАЙ», Х/Ф. 04.05 Д/Ф. 05.20 АУЫЛДАСТАР.

Дүйсенбі, 4 тамыз	Сейсенбі, 5 тамыз	Сәрсенбі, 6 тамыз	Бейсенбі, 7 тамыз	Жума, 8 тамыз	Сенбі, 9 тамыз	Жексенбі, 10 тамыз
<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>
05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 07.00 ОЯН. 10.00 М/Ф. 10.30 Т/Х «ЗИМОРОДОК-2». 12.20 ТЕЛЕЖУРНАЛ «ХӘКІМ АБАЙ». 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-3». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/Х «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ӨПКЕ». 00.00 Т/Х «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 07.00 ОЯН. 10.00 М/Ф. 10.30 Т/Х «ЗИМОРОДОК-2». 12.20 ТЕЛЕЖУРНАЛ «ХӘКІМ АБАЙ». 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-3». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/Х «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «АБАЙ ЖОЛЫ». 00.00 Т/Х «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 07.00 ОЯН. 10.00 М/Ф. 10.30 Т/Х «ЗИМОРОДОК-2». 12.20 ТЕЛЕЖУРНАЛ «ХӘКІМ АБАЙ». 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-3». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/Х «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «АБАЙ ЖОЛЫ». 00.00 Т/Х «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 07.00 ОЯН. 10.00 М/Ф. 10.30 Т/Х «ЗИМОРОДОК-2». 12.20 ТЕЛЕЖУРНАЛ «ХӘКІМ АБАЙ». 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/Х «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «АБАЙ ЖОЛЫ». 00.00 Т/Х «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 07.00 ОЯН. 10.00 М/Ф. 10.30 Т/Х «ЗИМОРОДОК-2». 12.20 ТЕЛЕЖУРНАЛ «ХӘКІМ АБАЙ». 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/Х «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «АБАЙ ЖОЛЫ». 00.00 Т/Х «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТ QAZZYNA. 07.00 ТАМАША. 08.00 КОНЦЕРТ. 09.00 М/Ф. 10.00 М/Ф. 11.20 М/Ф «ФИНИ И ЧИПС». 12.00 «ДРУЗЬЯ НА СВОЮ ГОЛОВУ», Х/Ф. 14.00 Д/Ф. 14.40 ТЕЛЕЖУРНАЛ «ХӘКІМ АБАЙ». 16.05 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 19.00 ЖАЙДАРМАН. 21.00 «КҮНАНБАЙ», Х/Ф. 23.20 «ВОРИШКИ», Х/Ф. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТ QAZZYNA. 07.00 ТАМАША. 07.30 КОНЦЕРТ. 09.00 М/Ф. 10.30 М/Ф «ПИНГВИНЕНОК ПОРОРО»; ПРИКЛЮЧЕНИЯ В ЗАМКЕ ДРАКОНА». 12.00 «КҮНАНБАЙ», Х/Ф. 14.00 Д/Ф. 14.40 ЖАЙДАРМАН. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-3». 19.00 АЛҒАШҚЫ. 20.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 «ДРУЗЬЯ НА СВОЮ ГОЛОВУ», Х/Ф. 23.00 «МАША И ДУДАРАЙ», Х/Ф. 01.30 КР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 4 тамыз	Сейсенбі, 5 тамыз	Сәрсенбі, 6 тамыз	Бейсенбі, 7 тамыз	Жума, 8 тамыз	Сенбі, 9 тамыз	Жексенбі, 10 тамыз
<b>ТВ ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ ЕВРАЗИЯ</b>
06.00, 02.00 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 Т/С «КРИВОЕ ЗЕРКАЛО ДУШИ». 14.10, 01.40 НОВОСТИ. 14.20, 01.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «КОГДА ПРОШЛОЕ ВПЕРЕДИ». 00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.25 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 02.00 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ТРИГГЕР-2». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 01.40 НОВОСТИ. 14.20, 01.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «КОГДА ПРОШЛОЕ ВПЕРЕДИ». 00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.25 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 02.00 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ТРИГГЕР-2». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 01.40 НОВОСТИ. 14.20, 01.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «КОГДА ПРОШЛОЕ ВПЕРЕДИ». 00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.25 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 02.00 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ТРИГГЕР-2». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 01.40 НОВОСТИ. 14.20, 01.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «МОЙ БЛИЗКИЙ ВРАГ». 00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.25 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 02.25, 03.50 П@ УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ТРИГГЕР-2». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.00 НОВОСТИ. 14.20, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПОЛЕ ЧУДЕС. 21.45 «СИННИЧКА», Х/Ф.	06.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.05, 03.00 «П@УТИНА». 08.50 «СИННИЧКА», Х/Ф. 13.00 «КРЕСТНЫЙ», Х/Ф. 17.15 «СЕВЕРНЫЙ ПОЛЮС», Х/Ф. 20.00 «БЫВШИХ НЕ БЫВАЕТ», Х/Ф. 00.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.30 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.00, 01.50 «П@УТИНА». 08.30 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 08.40 Т/С «БЫВШИХ НЕ БЫВАЕТ». 13.00 «КРЕСТНЫЙ», Х/Ф. 17.10 Д/Ф. 18.00 «ДОЛЖОК», Х/Ф. 20.00 Т/С «Я ВСЕ ПРЕДОЛЮ». 00.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

- Қазақ дәстүрі тек ата-ананы ғана емес, жалпы адамды сыйлауға баулиды.  
Ғабиден МҰСТАФИН.  
- Көңілі жұмсақ адамның күрмеуін тағдыр шешеді.  
Шәкәрім ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ.  
- Бала әдетті жасынан тамызықтап жинайды.  
Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ.



ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ!

# МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАНЫ БАРЛЫҚ ХАЛЫҚ КҮЗЕТЕДІ



материалдар, құжаттар мен т.б. заттарды, заңсыз тасымалдаған тұлғалар ҚР Мемлекеттік шекара туралы заңдарымен қылмыстық және өкімшілік жазаға тартылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасына Орталық Азия республикалары мен Таяу Шығыстан келген шетел азаматтарының ағыны артты. Олар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бұзу мүмкіндігін қарастыруы ықтимал.

Сондықтан күдік тудыратын тұлғалар шекара маңындағы елді мекендерге РЕСЕИ ФЕДЕРАЦИЯСЫНА ЗАҢСЫЗ ӨТУ мақсатында келуде.

Осыған байланысты **САҚ БОЛЫҢЫЗДАР ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗДАРЫҢЫЗДЫ ОРЫНДАҢЫЗДАР!**

Күдікті адамдар туралы тәуліктің көз келген уақытында келесі телефон нөмірлеріне хабар берулеріңізді сұраймыз: +77073516144, +77760034783, +77718177924 (WhatsApp), 8-7152-62-80-17.

ҚР ҰҚК Солтүстік Қазақстан облысы бойынша шекара қызметі департаменті.

**ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР!**  
Шекара бөлімшелерінің сақшылары Отанымыздың қасиетті шекара шептерін қорғау бұйрығына сай еңбек етеді. ҚР Мемлекеттік шекарасы қол сұғуға болмайтын, біртұтас болып есептеледі. Мемлекеттік шекарадан өтуге рұқсат беретін орындардың ережелері мен шекара тәртібін бұзғандар мен бұзағу әрекет еткендер, сол сияқты мемлекеттік шекарадан рұқсатсыз жүктер,

МАМАН КЕҢЕСІ

## СҚО-ДА ЖИҢАЗ САТЫП АЛУ: ЕГЕР СІЗДІ АЛДАСА, НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

**Жиһаз сатып алдыңыз, ал жайлы диванның орнына — сынық бөлшектер келді ме? Солтүстік Қазақстан облысының тұрағындары алаяқ сатушыларға жиі тап болуда. Тұтынушы ретінде өз құқықтарыңызды қалай қорғауға болады және алданып қалмаудың жолы қандай екенін айтып береміз.**

Петропавл қаласының тұрғыны Ирина А. жиһаз салонынан диванға тапсырыс берді. Үзде етілген жеткізу мерзімі — бір аяқ. Нақтысында — бір айдан аса уақыт өтті. Жеткізу кезінде диванның аяғы мен қолтық сүйеніші сығаны анықталды. Дүкен тауарды қайтарудан бас тартты. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінен көмек сұрады. Мәселе тұтынушының пайдасына шешілді, ал кәсіпкерге 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды.

Аудандық отбасы Instagram арқылы төсекке тапсырыс берген. Жиһаз жарықтармен жеткізілген. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне жүгінген кезде, сапасыз тауарды қайтаруға көмек көрсетілді.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің соңғы бір жылдағы деректері бойынша (оның ішінде жеке қабылдау, е-өтініш және телефон арқылы) 200-ден астам адам жүгінген, олардың ішінде:

- 36% шағым - жеткізу мерзімінің бұзылуы;
- 29% шағым - тауар сипаттамасына сәйкес келмеуі;
- 18% шағым - көпідіктен бас тарту;
- 17% шағым - сатушылардың дерекі қарым-қатынасы.

Тұтынушы сапасыз жиһазды қайтаруға, ауыстыруға немесе оны тегін жөндеуге толық құқылы. Мәселе мынада: көптеген сатушылар чек пен келісімшартсыз жұмыс істейді, ал азаматтар өз құқықтарын білмейді.

Тұтынушының заң бойынша құқықтары:  
- сапасыз тауарды қайтару;  
- ақауларды тегін жою;  
- тауарды ауыстыру;



- келісімшартты бұзу;
- жүгіну мерзімі — 2 жылға дейін (егер өндіруші/сатушы басқа кепілдік мерзімін көрсетпесе).

Қалай өзіңізді қорғауға болады:

1. Тек ресми сатушылардан сатып алыңыз;
  2. Әрдайым келісімшартқа қол қойыңыз;
  3. Тауарды алған кезде ақауларды тіркенізі;
  4. Чектерді сақтаңыз;
  5. Құқық бұзылған жағдайда - мемлекеттік органдарға немесе сотқа жүгініңіз.
- Байланыс: «Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрілігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті» РММ, Петропавл қаласы, Н. Назарбаев көшесі, 83. Жедел желі телефоны: 8 (7152) 46-81-33.

**Ю.А. ПОДСОШКИНА,**  
«Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрілігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті» РММ бас маманы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

## УСПЕНКА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ СУЛЫШОҚ АУЫЛЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖИҢЫНЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

2001 жылдың 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35 бабы 2 тармағына, 39-3 бабы 7, 8 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 28 ақпандағы № 17-388-5 тапсырмасына орай өңірде көзделетін идеологиялық тұрғыдан өскірген атауларды тарихи жер-су атауларымен және ұлттық танымға жақын дәстүрлі атаулармен өзгерту бойынша

жұмыс жүргізу туралы Успенка ауылдық округінің әкімі 2025 жылдың 29 тамызында сағат 15.00-де Сулышоқ орталау мектебінің ғимаратында Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округі Сулышоқ ауылы тұрғындарының жиынын өткізеді, күн тәртібінде:

1. Сулышоқ ауылда «1», «2», «3» көшелерін қайта атау туралы.

**Сарағұл БЕЙСЕБАЕВА,**  
Успенка ауылдық округінің әкімі.

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

# ҚАМҚОРШЫЛАР МЕН ҚОРҒАНШЫЛАР ЕНДІ ҚАМҚОРЛЫҒЫНДАҒЫ АЗАМАТТАРДЫҢ МҮЛКІН БАСҚАРУҒА РҰҚСАТТЫ EGOV MOBILE АРҚЫЛЫ РӘСІМДЕЙ АЛАДЫ

Қамқоршылар мен қорғаншылар енді қамқорлығындағы азаматтардың мүлкі мен әлеуметтік төлемдерін басқаруға рұқсат алу қызметін тек eGov.kz порталына ғана емес, eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы да пайдалана алады.



Қызмет сот шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе шектеулі әрекетке қабілетті деп танылған кемелетке толған азаматтардың заңды өкілдеріне арналған. Ол тегін көрсетіледі және зейнетақы мен жәрдемақыны алу, мүлік сату сияқты түрлі әрекеттер үшін рұқсат рәсімдеу мүмкіндігін береді.

Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияның арқасында өтінішті толтыру кезінде кейбір деректер автоматты түрде жүктеледі. Бұл өтініш беру үдерісін жеңілдетіп, қателік жасау ықтималдығын төмендетеді.

Қызметті пайдалану үшін:  
- eGov Mobile мобильді қосымшасына кіріп, «Қызметтер» - «Жеңілдіктер, жәрдемақы және зейнетақы» бөлімін таңдау қажет;  
- «Әрекетке қабілетсіз немесе

әрекет қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың мүлкіне иелік ету, шотына түскен зейнетақыларды, жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді алуына рұқсат ету» қызметін таңдау;  
- өтініштегі қажетті жолдарды толтыру;

- басқару түрін таңдап, тиісті ақпаратты толтырып, «Келесі» батырмасын басу;

- қол қоюдан қолжетімді өдістерінің бірімен өтінішті растау қажет. Өтініш қаралғаннан кейін жеке кабинеттегі «Қызметті көрсету тарихы» бөлімінде электрондық түрде бұйрық немесе дәлелді бас тарту көрсетіледі. Шешім бес жұмыс күні ішінде беріледі.

Қызмет eGov.kz порталында да қолжетімді. Іске қосылған сәттен бастап бұл қызметті 460-тан астам рет пайдаланды.

Қызмет ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі арасындағы ынтымақтастық аясында іске қосылды.

## ОТАНДЫҚ ШИКІЗАТТЫ ЭКСПОРТТАУҒА ЛИЦЕНЗИЯНЫ ЕНДІ ELICENSE.KZ ПОРТАЛЫНДА ОНЛАЙН РЕСІМДЕУГЕ БОЛАДЫ

elicense.kz порталында заңды тұлғаларға арналған отандық шикізат тауарлары тізбесіне енгізілген өнімдерді экспорттауға лицензия алуға арналған жаңа қызмет іске қосылды. Қызмет автоматтандырылған және кәсіпкерлерге өтімді толығымен онлайн режимде беруге мүмкіндік береді.

Лицензияны ресімдеу – Қазақстан аумағында өндірілген белгілі бір санаттағы шикізатты заңды түрде экспорттаудың міндетті шарты болып табылады. Бұл жаңалық өтім беруді және оның орындалуын айтарлықтай жеңілдетеді.

Қызметті пайдалану үшін:  
- elicense.kz порталында авторизациядан өту қажет;  
- «Тауарлардың импорты, экспорты» бөліміне өтіп, «Отандық шикізат тауарлары тізбесіне енгізілген өнімдерді экспорттауға лицензия беру» қызметін таңдау керек;  
- электрондық өтім формасын толтырып, қажетті құжаттарды тіркеу, мемлекеттік баж салығын төлеу қажет;  
- өтімді ЭЦҚ немесе QR-код арқылы қол қою арқылы растау керек.

Өтімнің 5 жұмыс күні ішінде қаралады. Дайын лицензия eicense.kz порталындағы жеке кабинетте «Рұқсаттар» бөлімінде көрсетіледі. Лицензия беруден бас тартылған жағдайда, негіздемесі бар ақпарат Мемнің өтімдерім» бөлімінде көрсетіледі. Қызмет Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында



заңды тұлғаларға қолжетімді. Лицензия бергені үшін мемлекеттік баж мөлшері – 10 АЕК. Төлем екінші деңгейдегі банк арқылы заңды тұлғаның тіркелген орны бойынша салық органының шотына жүргізіледі.

Қызмет ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрілігінің бірлескен жұмысының нәтижесінде іске қосылды.

**Жайна Сейдахмет,**  
«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.

<p>Директор - бас редактор Непа ГОНЧАР</p> <p>Газеттің меншік иесі: «А» ақпараттық ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Буаев қаласы, Батыр Баия көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49.</p> <p>Басылым нөмірі: 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Magjan Zhuldizi» газеті редакцияда теріліп беттеледі. «Северный Казахстан» басыпаханасында басылады. (Петропавл қ.с., Коммунал қ-сі, 5 үй). Тарауы: 615</p>	<p>Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер аралық мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудің ресми басылым болып табылады.</p>
--	---	--	---	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есенке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, ресензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарлауға болады.